ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 07 қазан № 1112-24-00-2/2968 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.С.Бегенбаева қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шортанды ауданының «Пригородное ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕРЛЕР:
жеке кәсіпкер Кожегулова Мадина Аушакмановна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 147 бабын басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Шортанды ауданының «Пригородное ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер Кожегулова Мадина Аушакмановнаға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Кожегулова Мадина Аушакмановна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Кожегулова Мадина Аушакмановнадан мемлекеттік пайдасына 5 200 (бес мың екі жүз) теңге тұрақсыз айыбы сомасы, 7046 (жеті мың қырық алты) теңге сот шығыны өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.С.Бегенбаева

Документ подписан: Бегенбаева А. С., 07.10.2024

Дата вступления в законную силу: 15.11.2024, судья Бегенбаева А. С., 18.11.2024

1112-24-3-1/2962